

2021-2022 оқу жылына арналған магистратура бойынша білім беру бағдарламаларының жаңартылуы туралы ақпарат

7M06110 Информатика (ғылыми-педагогикалық бағыт) магистратурасы бойынша БББ жаңартылуына негіздеме

2021-2022 оқу жылында 7M06110 Информатика білім беру бағдармаласына жұмыс берушілерден келген кері байланыс негізінде «Қазіргі педагогикалық технологиялар», «Заманауи оқытушының педагогикалық этикасы», «Ақпараттың криптографиялық қорғауы», «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету технологиялары», «Интеллектуалды ақпараттық жүйелер және технологиялар», «Білім берудегі Smart технологиялар», «Үлкен деректер технологиялары», «Мәліметтерді өңдеу және сақтау технологиялары» пәндері енгізілді, бұл өз кезегінде қолданбалы информатика саласындағы кәсіби құзыреттіліктер мен тәжірибелік дағдыларды қалыптастыратын оқыту нәтижелерінің өзгеруіне әсер етті.

7M04105 Экономика (ғылыми-педагогикалық бағыт) магистратурасы бойынша БББ жаңартылуына негіздеме

2021-2022 оқу жылында педагогикалық компонентті арттыру үшін «Қазіргі педагогикалық технологиялар» және «Қазіргі оқытушының педагогикалық этикасы» пәндері енгізілді. «Экономика мен басқарудағы математикалық модельдеу әдістері», «Экономикалық процестер мен жүйелерді модельдеу», «Салық менеджменті», «Маркетингтік зерттеулер», «Тиімді менеджмент» атты базалық және профильді пәндер енгізілді, бұл өз кезегінде экономиканың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін болжау бойынша дағдыларды қалыптастыратын оқыту нәтижелерінің өзгеруіне әсер етті.

7M04107 Іскерлік әкімшілік (ғылыми-педагогикалық бағыт) магистратурасы бойынша БББ жаңартылуына негіздеме

2021-2022 оқу жылында педагогикалық компонентті арттыру үшін «Қазіргі педагогикалық технологиялар» және «Қазіргі оқытушының педагогикалық этикасы» пәндері енгізілді, бұл өз кезегінде кәсіби іс-әрекетті қайта құру, автордың жаңашыл идеяларын жүзеге асыру, стандартты емес және балама шешімдерді табу, жаңа идеяларды тудыру, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыратын оқу нәтижелерінің өзгеруіне әсер етті.

7M04116 Қаржы (бейінді бағыт) магистратурасы бойынша БББ жаңартылуына негіздеме

2021-2022 оқу жылында стейкхолдерлер мен жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескере отырып, жаңа пәндер қайта қаралды және негізгі пәндер цикліне енгізілді, бұл басқарушылық және маркетингтік шешімдер қабылдау дағдыларын және ұйымның қаржылық стратегиясын әзірлеу дағдыларын қалыптастыратын оқу нәтижелерінің өзгеруіне әсер етті.

7M04115 Экономика (бейінді бағыт) магистратурасы бойынша БББ жаңартылуына негіздеме

2021-2022 оқу жылында стейкхолдерлер мен жұмыс берушілер ұсыныстарын ескере отырып, профильді пәндер цикліне «Стратегиялық менеджмент» және «Маркетингтік зерттеулер» пәндері енгізілді, бұл өз кезегінде экономикадағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді болжау дағдыларды қалыптастыратын оқыту нәтижелеріндегі өзгерістерге ісер етті.

7M04117 Іскерлік әкімшілік (бейінді бағыт) магистратурасы бойынша БББ жаңартылуына негіздеме

Жұмыс берушілердің 2021-2022 оқу жылына арналған ұсыныстарын ескере отырып, кәсіпорынды басқару, бизнес-зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу дағдыларын қалыптастыратын оқыту нәтижелері қайта қаралды және оңтайландырылды.

7M04106 Қаржы (ғылыми-педагогикалық бағыт) магистратурасы бойынша БББ жаңартылуына негіздеме

2021-2022 оқу жылында педагогикалық компонентті арттыру үшін «Қазіргі педагогикалық технологиялар» және «Қазіргі оқытушының педагогикалық этикасы» пәндері енгізілді. Базалық және профильді пәндер блогына келесі пәндер енгізілді: «Стратегиялық банктік менеджмент», «Компанияның қаржы портфелін басқару», «Тәуекелдерді басқару». Осы өзгерістерге сәйкес күтілетін нәтижелер мен білім беру бағдарламаларының мақсаттарына сай оқыту нәтижелерінің мазмұны қайта қарастырылды.

7M05109 Биотехнология (ғылыми-педагогикалық бағыт) магистратурасы бойынша БББ жаңартылуына негіздеме

2021-2022 оқу жылында педагогикалық компонентті арттыру үшін педагогикалық бағыттағы «Заманауи педагогикалық технологиялар» және «Заманауи оқытушының педагогикалық этикасы» пәндері енгізілді, бұл өз кезегінде зерттеу нәтижелерін әртүрлі салалардан бағалау мен енгізу үшін психологиялық-педагогикалық зерттеуді өткізу, білім алушылармен педагогикалық қарым-қатынасты этикалық тұрғыдан сауатты ұйымдастыру сынды кәсіби білім мен дағдыларды қалыптастыратын оқыту нәтижелеріндегі өзгерістерге әсер етті.

7M04208 Құқықтың өзекті мәселелері (ғылыми-педагогикалық бағыт) магистратурасы бойынша БББ жаңартылуына негіздеме

2021-2022 оқу жылында білім беру бағдарламасына келесі пәндер енгізілді: «Жедел-іздістіру қызметінің өзекті мәселелері», «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің тұжырымдамалық негіздері», «Санкциялық шектеулер кезінде трансшекаралық коммерциялық қатынастарды іске асыру жағдайындағы халықаралық жеке құқық», «Құқықтық талдау әдіснамасы», «Міндеттеме құқығы: теория және практика мәселелері», «Азаматтық істердің жекелеген санаттарын шешу ерекшеліктері», «Азаматтық құқық субъектілері ретінде заңды тұлғалардың қызметін құқықтық реттеу мәселелері». Білім беру бағдарламасына жаңа пәндердің енгізілуі қабылданған заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерге сыни талдау жасау дағдыларын қалыптастыратын оқыту нәтижелерінің өзгеруіне әсер етті.